



**БАТЫС ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ ЖАҢА
ТАРИХЫ, 3-ТОМ.
ҚАЗІРГІ ЗАМАН ФИЛОСОФИЯСЫНЫҢ
БАСТАУЫ**

Томас Гоббс



Философ Томас Гоббс 1588 жылы 5 сәуірде Англияның Дербиширдің дүние есігін ашты. Гоббсты біз философ-материалист, қоғамдық келісім теориясының және мемлекеттік суверенитет теориясының негізін салушылардың бірі ретінде танимыз. Ол этика, теология, физика, геометрия және тарих сияқты пәндер бойынша тарқатқан идеяларымен танымал.

Бұл ойшылдың қоғамтануға, саясаттануға, философияға қосқан үлесі зор.

Гоббс мемлекетті «жасанды дене», құдайдың орнатуы емес, адамзаттың іс-әрекетінің нәтижесі деп анықтаған. Философтың ойынша мемлекет адамдар бытыраңқы өмір сүрген және «барлығының барлығына қарсы соғысы» жағдайында болған «табиғи» күйден қоғамдық келісімге келу негізінде пайда болды. Қоғамдық келісім нәтижесінде өз еркіндігін ерікті түрде шектеген жеке азаматтардың құқығы бейбітшілікті сақтау және азаматтарды қорғау функциясы берілген мемлекет басшысына немесе мемлекеттік органдарға беріледі. Гоббстың ойынша, қоғамдық келісім бір уақытта мемлекеттің және қоғамның пайда болуына әкеп соғады.

Гоббс Томастың негізгі еңбектері «Азамат туралы ілімнің философиялық бастауы», «Левиафан, әлде материя, шіркеулік және азаматтық мемлекеттік билік, оның түрлері».

Гоббс Томас өзінің ілімінің негізіне жеке адамның жаратылысы туралы белгілі бір көз-қарастарды алды. Туа бітті, жаратылысында адамдардың ойлау қабілеті де, шынығуы да бірдей деп есептейді. Сондықтан барлығы «бәріне құқылы». Бір жағынан, адам өте өзімшіл, оған қорқыныш, іштарлық сияқты қасиеттер де тән. Адамды тек қызғаншақтар, жаулар қоршайды. «Адам адамға қасқыр» принципін негіздеді. Осыдан келіп қоғамда соғыстар туындайды. Бірақ мұндай соғыстар кезінде «бәріне құқылы болу» деген – ешнәрсеге ешқандай құқы жоқ деген сөз. Мінеки, осы жағдайды Гоббс Томас «адамдардың жаратылысы немесе табиғи жағдайы» деп анықтаған. Адамдарға күшпен қатар, өлім қатері мен өзін-өзі қорғау қасиеттері де берілген.

Ең маңызды жаратылыс заңы:

- бейбітшілікке ұмтылу;
- бейбітшілік мүддесі мен өзін-өзі қорғау, қажет етсе, әркім өзінің құқынан қажетті тұрғыдан бас тартуы қажет;
- адамдар өздері келіскен келісімді орындаулары керек.

Жалпы Гоббс Томас 16 заң ұсынды. Олардың барлығының түйіні: «өзіңе тілемейтінді, өзгеге істеме». Гоббс Томас тұжырымы бойынша келісім мен алмасу – адам қоғамындағы бейбітшілікті орнатудың шарттары.

Құқық пен заң мәселелерін бөліп қарастырған. Құқық ол үшін бір нәрсені істеуге немесе істемеуге еркіндік, ал заң бір нәрсені істеуге немесе істемеу үшін жазылған.

Жаратылыс заңдары жеке адамдардың орындауларын талап ете алмайды. Оны орындататын тек қана күш. Шексіз мемлекеттік билік – мінеки, осы бейбітшілік пен жаратылыс заңдарының орындалу кепілі. Егер жаратылыс заңдары адамдардың ақылдылығына байланысты болса, азаматтық күшке байланысты.

Мемлекет адамдардың «барлығына қарсы соғыстарды» жою үшін бірігуі тиіс деп санады. Олар өзара келісім бойынша жоғары билікті бір адамға береді. Гоббс Томас шексіз билік, суверен билігін жақтады.

1641 жылы Декарттың «Толғаныстарына» пікір айтуға шақырылғандардың арасындағы ең көрнектісі – сол дәуірдің ұлы философы Томас Гоббс болды. Испан армадасы құрылған 1588 жылы дүниеге келген Гоббс ол кезде елу үш жаста еді. Ол Оксфордта білім алып, Кавендиш отбасында тәлімгер болды, Фрэнсис Бэконның хатшысы болып қызмет етті. 1629 жылы Фукидидтің «Пелопоннес соғысы тарихының» ағылшынша аудармасын жариялады. 1630 жылдары Парижге барған сапарында ол Декарттың францискандық досы, өзі «философияның барлық салаларының көрнекті өкілі» деп атаған Марин Мерсеннмен кездесті. 1640 жылы ағылшын тілінде «Табиғи және саяси құқық элементтері» (Elements of Law, Natural and Political) трактатын жазды. Бұл еңбегінде ол негізінен өзінің адам табиғаты мен адам қоғамы философиясының принциптерін сипаттады. Үлкен Парламент жариялаған азаматтық соғысты алдын ала болжап, ол сол жылы Парижге аттанды. Гоббс Франция астанасында он жылдан астам тұрып, тақтан тайдырылған билеушінің мұрагері, болашақ король II Карлдың тәлімгері болды. 1642 жылы «Азаматтық туралы» деп аталатын латынша трактатында «Құқық элементтері» бойынша бірқатар идеяларын ұсынып, Францияға танымал бола бастады.



Гоббстың Декартқа айтқан сыны «Толғаныстарды» онша жақсы түсінбегенін көрсетеді, сол себепті екі ойшылды философияның қарама-қарсы полюстерінде тұрған адамдар ретінде қарастыру дәстүрі қалыптасты. Шынына келгенде, олардың бірнеше ортақ қырлары бар еді. Мысалы, математикаға құштарлық. Гоббстың ең белсенді биографы, өсекші Джон Обри оның геометриямен алғашқы кездесуін былайша суреттейді:

«Геометрияға назар аударған кезде ол 40 жаста еді және бәрі кездойсоқ болды. Белгісіз бір джентльменнің кітапханасында Евклидтің «Элементтер» еңбегінің ашық жатқан бетіне көзі түсіп, I кітаптың 47 элементіндегі сөйлемді оқыды да, «Ант етемін, мүмкін емес!» деді. Өзі оқыған пікірге қарай бағыттайтын дәлелдемелерді оқып, пікірге қайта оралады, ол пікір келесі пікірге сілтейді. Осылайша жалғастыра отырып, ақырында қорытындының ақиқаттығына көзі жетеді. Бұл оны геометрияға ғашық етті.

Алайда ол Декарттың аналитикалық геометриясының маңызын түсінбеді және «оған өткірлік жетпей тұр» деп ойлады. Оның философиясын, атап айтқанда, физикасы мен табиғат философиясын одан да нашар деп есептеді. «Гоббс мырза, – дейді Обри, – Декарт толығымен геометрияда өмір сүрді, әлемдегі ең үздік геометр болды, бірақ оның басына философияға қажетті сілті жетіспеді деп білді». Бұл жерде мысқыл бар. Өмірінің кейінгі кезеңінде Гоббс геометрияны байыпты түрде зерттей бастағанда Оксфордтың математика профессорларымен бірге шеңбердің ауданын талқылауға талай жылын босқа сарп етті.

Декарт пен Гоббстың ортақ қырлары көп. Екеуі де Аристотельді және университеттердегі оның ілімін насихаттаушыларды жек көрді. Екеуі де жалғыздықты бастан кешкен, өмірлерінің көп бөлігін Стюартты жақтаушылардың қуғынында өткізген ойшылдар еді. Екеуінің де қарапайым кітапханалары болды және кітапшылдықты сүймейтін. Кітапты көп оқитындарға Гоббс: «Кітап оқу – босқа уақыт жоғалту; түтіндікке түсіп кетіп, камераға қамалған, әйнек терезеден алдамшы жарық түскенде жанталасып, қайда барарын анықтауға ақылы жетпейтін құстарға ұқсайсындар» дейді. Декарт сияқты Гоббс та халықтық проза шебері еді және қалың көпшілікке де, сонымен қатар ғылыми әлем өкілдеріне де арнап жазды.

Осы екі тұлғаның арасындағы ең маңызды философиялық келісім – олардың материалдық дүние тек қозғалыс тұрғысынан ғана түсіндірілуі тиіс екеніне сенімді болғаны. Гоббс: «Әмбебап заттардың себептері (ең құрығанда, себебі барлардың) өзінен-өзі көрінеді (әдетте солай деп айтады) немесе табиғатта байқалады; сондықтан оларға әдіс қажет емес; өйткені оларда бір ғана әмбебап себептен басқаның – қозғалыстан басқаның бәрі бар», – деп жазды. Декарт секілді Гоббс та түс, дыбыс және жылу сияқты жанама қасиеттердің, сонымен қатар, бүкіл бақытсыз жағдайлардың объективті нақты бар екенін жоққа шығарды. «Біздің сезімдеріміз олар дүниеде бар деп ойлауға мәжбүр ететін ешқандай да бақытсыз оқиғалар мен қасиеттер нақты өмір сүрмейді, олар тек елестер мен құбылыстар ғана. Біз жоқ дүниеде нақты бар нәрсе – осы құбылыстарға себеп болған қозғалыстар ғана». Декарт сияқты Гоббс та оптика ғылымын түйсіктің ақиқат табиғатын түсінуге жетелейтін кілт деп есептеді.

Алайда Гоббс Декарттың материя философиясына жақын болғанымен, оның ілімінің екінші бөліміне – ақыл-ой философиясына үзілді-кесілді қарсы шықты. Шынында да, ол ақыл-ойдың Декарт түсінгендей өмір сүретінін теріске шығарды. Гоббс үшін өңделмеген және қозғалмайтын тән субстанциясы деген ұғым болмады. Адами, періштелік немесе құдіретті тәнсіз рух дегендер болмаған. Оның айтуынша, «тәнсіз субстанция» ұғымының өзі – «дөңгелек төртбұрыш» деген сияқты сандырақ. «Гоббстың материализмі Құдайдың бар екенін жоққа шығаруға байланысты болды ма, әлде Құдай шексіз және көрінбейтін бірдеңенің тәні деп түсінді ме?» деген сұрақ бойынша тарихшылардың көзқарасы әртүрлі. Гоббсты атеист деу қиын; алайда оның адам болмысындағы ақыл-ой мен материяның дуализмін терістегені сөзсіз.

Олар ұстанған көзқарастар мен наным-сенімдердің әртүрлі болғанына қарамастан, Гоббстың материализмі оның Декарттың қарсыласы деген атағын ақтайды. Алайда материализм мен дуализмнің арасындағы метафизикалық айырмашылыққа қарамастан, философия тарихшылары көбіне оларды қарама-қарсы эпистемологиялық мектептердің – британдық эмпиризм мен континенттік рационализмнің негізін салушылар ретінде қарастырады.

Гоббс Декарттан отыз жылға жуық артық өмір сүрді, бірақ, француз ойшылы 1650 жылы дүниеден өткен соң, Парижде көп тұрған жоқ. Ол протестант адам өзін Парижде онша жақсы сезінбейді деп есептеді: Мерсеннің католицизмге бой ұруға үгіттегеніне төтеп берген ол, қатты ауырып, әл үстінде жатқан кезде, англикан рәсіміне сәйкес жөн-жоралғы жасалуын талап етті.



Кітап: Батыс философиясының жаңа тарихы, 3-том. Қазіргі заман философиясының бастауы

Дәріс: 6. Томас Гоббс

Өмірінің соңғы жылдарында ол Парижде өзінің даңқын мәңгілікке қалдыруға тиіс «Левиафан, немесе шіркеу мен азаматтық мемлекеттің материясы, формасы және билігі» еңбегін жазды.

Табиғи күйде, кез келген мемлекеттен тыс жерде «бәрінің бәріне қарсы қарапайым соғысынан басқа ештеңе де болмас еді» деген тезисті ұстана отырып, Гоббс рационалдық эгоизм принциптері адамдарды өздерінің шексіз еркіндігін басқалар тарапынан тең шегініске айырбастап, бас тартуына итермелер еді деп тұжырымдайды. Мұндай принциптер адамдардың өз құқықтарын, өзін-өзі қорғау құқығынан басқасын, орталық билікке беруге алып келеді. Бұл билік заңдардың орындалуын оны бұзған адамды жазалау арқылы қамтамасыз етуге қабілетті. Әр адамның басқа бір адаммен келісімін жоғарғы билеуші тағайындамайды, оның өзі келісімге қатыспайды, сондықтан оны бұза алмайды. Мұндай суверен заңның және мүлік құқығының негізі болып есептеледі, оның қызметі – мемлекетті құрайтын алғашқы келісімшарттың ғана емес, оның қол астындағылар бір-бірімен жасайтын жеке келісімшарттардың да орындалуын қамтамасыз ету.

Гоббстың ең танымал туындысы «Левиафан» Лондонда 1651 жылы жарияланды. Абсолют суверенитетті жақтаған дәлелдер әдемілеп баяндалғанымен, еңбектің көшірмесімен танысқан II Карлдың ортасы оны жақсы қабылдай қоймады. Сарайдан қуылған, ең жақсы католик достары дүниеден өтіп, жалғызсыраған Гоббс I Карлдан кейін протекторатқа өткен Англияға оралу туралы шешім қабылдады.

Протектораттың кезінде Гоббс Лондонда тыныш өмір сүріп, саяси философиядан ештеңе жазбады. Ол өзінің физика философиясын «Тән туралы» деген атаумен 1655 жылы латын тілінде, 1656 жылы ағылшын тілінде жариялады. Ол епископ Брэмхолл Деримен пікір таластырды және бізге Мильтон жеткізгендей, «Жоғалған жұмақтың» ібілістері тақырыбын талқылады: олардың арасында «Аян, болжам, ерік хәм тағдыр/Жазмыш, еркін ерік және абсолютті болжау». Пікірталас «Сиқырлы шытырман жолдарда адасып, соңына дейін жетпей нәтижесіз болды. 1658 жылы ол «Тән туралы» еңбегін латын тілінде жариялады. Бұл кітабында да «Азаматтық туралы» трактатындағы сияқты, халықаралық оқырманға «Құқық элементтерінің» кейбір идеяларын ұсынды.

II Карл 1660 жылы тағына қайта отырған соң Гоббс қызметіне оралды. Оған зейнетақы тағайындалып, сарайға жол ашылды, алайда Гоббс сарайдағылардың ызасын келтіретін. «Король оны көріп: «Міне, жемтікке айналатын аю келе жатыр» деген екен; алайда ол мұндай тиісулерге өткір әзілмен және тапқырлықпен жауап беретін». Бірақ «Левиафан» күмәндану нысаны болып қала берді. «Король таққа отырған соң көп ұзамай кейбір епископтар парламентке қартайған мейірімді джентльменді дінбұзар ретінде отқа жағу туралы өтініш жасады» деп жеткізеді бізге Гоббстың биографы Джон Обри.

1660 жылдан бастап өмірден өткенге дейін Гоббс негізінен граф Девонширдің Лондондағы және Сатсворт пен Хардвиктегі үйлерінде тұрды. Ол енді философиядан ештеңе жазбады, бірақ «Илиада» мен «Одиссеяны» аударды, азаматтық соғыстың тарихына арналған «Бегемот» еңбегін жазды, бірақ оны, корольдің өтініші бойынша, жариялаған жоқ. Ол Хардвик-холлда 1679 жылдың желтоқсанында, 91 жасында, паркинсон дертіне шалдыққанына қарамастан, өмірінің соңына дейін күш-қуатын толық сақтаған күйінде қайтыс болды. Ол өзінің белсенді қарттығын үш нәрсеге бағыттады: жетпіс жасқа дейін жүйелі түрде теннис ойнады, алпыс жастан бастап шарап ішуді тоқтатты және дауысын жаттықтырып, ән айтуды жалғастырды. «Түнде, – деп жазады Обри, – төсегіне жатып, ұйқыға кетерде, есік жабылып, оның дауысын ешкім естімейтіндей болғанда, ол ән салатын (дауысы керемет деу артықтау, әрине). Ол ән айту денсаулыққа пайдалы, өкпені жаттықтырып, өмірді ұзартады деп есептеді».

Гоббс философия тарихында ең алдымен саяси философияға қосқан үлесінің арқасында танымал болды. Сонымен қатар ол өзінің тіл философиясын ерекше маңызды деп санады. «Баспа қызметінің пайда болуы, – деп атап көрсетеді ол, – жазудың пайда болуымен салыстырғанда соншалықты маңызды емес, бұл өз кезегінде сөйлеудің пайда болуына қарағанда маңызсыз, ол бізді жануарлардан ерекшелендіреді және бізді ғылыммен айналысуға қабілетті етеді. Сөз болмаса адамдар арасында мемлекет те, қоғам да, келісімшарт та, бейбітшілік те болмас еді, бұлардың арыстан, аю және қасқырларда болмағаны сияқты».



Сөйлеудің мақсаты – біздің ойларымызды сөзге аудару. Бізде оны қолданудың төрт түрі бар:

«Біріншісі – ойларымызды тіркеуден өткізу, ойлаудың көмегімен біз қазір бар болып отырған немесе бұрын болған қандай да бір заттың себебін анықтаймыз, нәтижесінде сөйлей білу өнері пайда болады. Екіншіден, басқаларға өзіміз жинаған білімімізді беру, яғни оқытып, үйрету. Үшіншіден, бір-бірімізге өзара көмектесе алу үшін басқаларға өзіміздің ниетіміз бен мақсатымызды жеткізу. Төртіншіден, сөздерімізді рақаттану немесе әсемдеу үшін ойната отырып, өзімізге де, басқаларға да шын жүрегімізден қуаныш сыйлау».

Сөздерді қолданудың төрт түріне сәйкес төрт теріс қолдану бар және олардан аулақ болу үшін көп күш салу қажет. «Себебі, сөздер – ақылды адамдардың құралы, олар сөздерді бағалай отырып қолданады; алайда сөздерді ақымақтар да түсінбестен қолдана береді».

Гоббс – жүйелі номиналист: барлық сөздер – ұғым-атаулар, ал олар жекелеген адамдарға ғана қатысты айтылады. Ұғымдар, мысалы, Петр деген сияқты нақты немесе «жылқы» деген секілді жалпы болуы мүмкін, сонымен қатар, мәселен, «өмір» немесе «ұзындық» тәрізді абстрактылы да бола алады. Олар тіпті сипаттау да бола алады (оларды Гоббс «астарлап айту» дейді), мысалы, «Илиаданы жазған адам» деген секілді. Бірақ ұғым қандай формада болсын, ол ешқашан бір немесе бірнеше адамнан басқа ештеңені белгілемейді. «Адам» және «ағаш» сияқты универсал ұғымдар дүниеде қандай да бір универсал затты немесе ойдағы қандай да бір идеяны білдірмейді, алайда көп адамды сипаттайды: «Универсал сөзінде есімдерден басқа ештеңе жоқ; өздері белгілеп отырған заттар үшін олардың әрқайсысы индивидуалды және бірегей».

Гоббстың пікірінше, ұғымдар сөйлем құрастыру үшін біріктіріледі. Егер біз «Сократ – әділ» десек, «әділ» сөзінің Сократ деген адаммен семантикалық байланысы «Сократ» сөзімен бірдей: екеуі де ұғым, ал сөйлемдегі предикат ұғымның субъектісімен бірдей мағынаны білдіреді. Сөйлемдегі екі ұғым бір ғана нәрсенің атауы болғанда, сөйлем – дұрыс. «Адам – тірі мақұлық» деген сөйлем – ақиқат, себебі «тірі мақұлық» – «адам» деген сөзді білдіретін ұғым. «Әрбір адам – әділ» деген сөйлем – жалған, себебі «әділ» – әрбір адамның атауы емес, адамзаттың басым бөлігі «әділетсіз» деген атауға лайық.

Қос атау теориясы – семантиканың аңғал бөлігі, ол өзі орта ғасыр кезеңінде ұшыраған және XIX ғасырда Готлиб Фрегенің еңбегінде ұшырауы тиіс логикалық сынға төтеп бере алмас еді. Гоббс теориясының нұсқасы ортағасырлық көрнекті ойшыл Уильям Оккамның нұсқасымен салыстырғанда – тым дәрекі, алайда ол көпшілік Оккам мен Гоббстың мұрагерлері деп есептеген британ эмпириктердің арасында ықпалды болды.